

Бекітемін:
Нұра ЖББМ директоры
Бердешова С.К.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы :Нұра ЖББМ “Айгөлек” шағын орталығы
Топ/сынып: Ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>

<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді; Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру Байланыстырып сөйлеу: суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Оқу, әңгімелеу барысында ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға</p>

үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.

Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.

	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p>Сөздік қор: Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді; шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау мен ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту</p> <p>Оқу, әңгімелеу Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше</p>

негіздері	<p>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Шама. ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p>Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау</p> <p>Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.</p> <p>Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру</p>
Сурет салу	<p>Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.</p>
Жапсыру	<p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау</p> <p>Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,</p> <p>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру;</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;</p> <p>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың</p>

	<p>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы :Нұра ЖББМ “Айгөлек” шағын орталығы
Топ/сынып: Ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан Жоғары көтеру; қолдарына алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p>Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Қимылды ойындар Кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін ақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды</p>

	<p>орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі ол қылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы үсініктер беру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Серуенде қимылды ойындармен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру</p>
<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п, б, қ, қ, т, д, ж, ш, с, з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тындау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тындау және толық жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тындауды жетілдіру.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде</p>

	<p>тыныс алуды, естуді дамыту</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, өңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу</p> <p>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру.</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді</p> <p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар, ойыншықтар) үйрету.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан</p>

	<p>немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың арапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p>

Бекітетін:
Нұра ЖББМ директоры
Бердешова С.К.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы :Нұра ЖББМ “Айгөлек” шағын орталығы
Топ/сынып: Ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта);аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).</p> <p>Қимылды ойындар Кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны,</p>

	<p>майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p>
<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту</p> <p>Сөздік қор. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді</p>

	<p>жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру</p> <p>Шама.</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету</p> <p>Геометриялық пішіндер</p> <p>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:</p> <p>цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді.</p> <p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету.</p> <p>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету.</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды</p>

	<p>түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Сөздерді анық айту, өннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. Бұл қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.</p>

Бекітемін:

Мектеп директоры

С.К.Бердешова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде**

2025 – 2026 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын орталығы

Топ/сынып: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа сантиметр қашықтыққа секіру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p>

	<p>тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>

	<p>қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу</p>
Математика негіздері	<p>Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама. салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<p>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.</p> <p>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап</p>

<p>Жапсыру</p>	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.</p> <p>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяк, тұяк, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының</p>